КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 24 қараша Іс №7119-23-00-2/13067 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы судья С.Т.Бертыбаева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«MedServiceExpert» (Тренченко Андрей Иванович) жеке кәсіпкері
«BMLG.MED» (Жотабаева Галия Каликасовна) жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының талап қою арызы – қанағаттандырылсын.

«MedServiceExpert» (Тренченко Андрей Иванович) жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алулардың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Бертыбаева С. Т., 24.11.2023
Заңды күшіне енген күні: 09.01.2024, судья Бертыбаева С. Т., 22.01.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

«MedServiceExpert» (Тренченко Андрей Иванович) жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«MedServiceExpert» (Тренченко Андрей Иванович) жеке кәсіпкерінен «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 6150 (алты мың жүз елу) тұрақсыздық айыбы, 185(бір жүз сексен бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«BMLG.MED» (Жотабаева Галия Каликасовна) жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алулардың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«BMLG.MED» (Жотабаева Галия Каликасовна) жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«BMLG.MED» (Жотабаева Галия Каликасовна) жеке кәсіпкерінен «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 475 (төрт жүз жетпіс бес) тұрақсыздық айыбы, 15(он бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **С.Т.Бертыбаева**

Құжатқа қол қойылған: Бертыбаева С. Т., 24.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 09.01.2024, судья Бертыбаева С. Т., 22.01.2024